

*« Туберкулез ауруының  
алдын - алу»  
тақырыбындағы  
диплом жұмысы*

## Тақырыптың өзектілігі

Бұл тақырыпты таңдаған себебім- қазіргі таңда әлемдік статистика бойынша дүние жүзінде туберкулез ауруының алдын алу қажет. Неліктен туберкулез ауруымен ауыратындығын зерттеу мақсатында осы тақырып таңдалды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а 2014 жылғы 22 тамызда №19 бұйрығы «Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекітілді

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жер шарының әрбір үшінші тұрғыны туберкулез микобактериясы инфекциясын жұқтырады. Жыл сайын әлемде 8 миллион 400 мың адам туберкулезбен ауырып, 2 млн. адам өмірімен қоштасады екен. Ем қабылдамайтын әрбір науқас 10 адамнан 15 адамға дейін ауруын жұқтырып үлгереді десек, дүниежүзінде әрбір минут сайын 1 адам осы кеселдің құрығына ілігіп жатады. Бірақ инфекцияны жұқтырғандардың 5-10 пайызының ағзасында ғана туберкулез бактериялары дамуы мүмкін. Республика медицинасын туберкулезге шалдыққандардың 75 пайызы 20 мен 40 жас аралығындағы адамдар құрайтыны алаңдатып отыр. Дүние жүзі бойынша 2013 жылы 1,5 млн әлемдегі туберкулез ауру 9 миллион адам қаза тапты. Соңғы 2 жыл көлемінде өлім саны азайған.

## **II. Зерттеудің мақсаты?**

Қазіргі таңда «Туберкулез – әлемдік проблема» екендігін, өкпе ауруының пайда болуы, аурудың алғашқы белгілері, таралу жолдары мен сақтану жолдары туралы түсінік бере отырып, алдын алу, жеке бас гигиенасын сақтауға денсаулықты түзетуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.


## **III. Зерттеудің міндеті**

- -Әдебиеттер оқу;
- -Әдіс таңдау, сипаттама беру;
- -Зерттеу жүргізу объектісі
- -Анализдеу
- -Зерттеу қорытындысы
- -Ақпарат көздері

- **Теориялық негіздеме:**
  
- **Жоспар:**
- **Кіріспе**
- Тыныс алу жүйесінің анатомо-физиологиялық ерекшеліктері
- **Негізгі бөлім**
- I.Туберкулездің анықтамасы
- II Адамда туберкулездің дамуына әсер етуші факторлар:
- III.клиникалық белгілері
- IV.Диагностикасы
- V.Туберкулездің алдын алу шаралары
- **Қорытынды**
- Туберкулезбен ауыратын пациенттермен жұмыс жасаудағы мейірбикенің рөлі

# Тыныс алу жүйесінің анатомо-физиологиялық ерекшеліктері

- **Тыныс алу жүйесі (systema respiratorium)** - организм мен сыртқы орта арасындағы оттегі түсіп, көмірқышқыл газының шығарылуымен байланысты жүретін газ алмасу процесі тыныс алу деп аталады.



**Туберкулез** бұл ауа-тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамиды.

Микобактериялармен шақырылған созылмалы жұқпалы ауру.

**Қоздырғышы Кох таяқшасы.**

Ең алдымен өкпе, кейде басқа органдарды да зақымдайды.

Жұқтыру көзі туберкулезге шалдыққан адам болып табылады



## Туберкулез түрлері

### Ашық

Ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болады, сондықтан туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді

### Жабық

. Ал жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады. Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды.

# Этиологиясы

## ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР:

Іске қосатын фактор –  
иммунитеттің әлсіреуі.

Толыққанды, үйлесімді  
тамақтанбау.

- ауыр аурулардың қатар жүруі  
(АҚТҚ, қант диабеті, ойық жара  
аурулары және басқалары);

- суық тигізу;

- зиянды әдеттер;

- созылмалы күйзелісті  
жағдайлар.


## Туберкулез эпидемиологиясы

Инфекция көзі ауру адам.

## Жұғу жолдары

– экзогенді (ауа тамшы, ауа шан), тұрмыстық қарым қатынас,  
алиментарлы, жынысты жолмен,  
эндогенді – қан және лимфа арқылы. Туберкулез – созылмалы  
қалғымалы инфекция.

**Патогенезі.** Қоздырғыш тыныс  
жолдары, шырышты қабықшалар және  
терідегі жаралар арқылы енеді. Бірінші  
ошағы — өкпе немесе ішек  
жолдарының лимфа бездері.



## Клиникасы:

- екі аптадан артық жөтел;
- әлсіздік;
- дене қызуының көтерілуі;
- тершендік;
- тәбеттің нашарлауы;
- жүдеу;
- шаршағандық;
- қан аралас қақырықтың түсуі;
- кеуде тұсының ауыруы





# Диагностикасы

Зерттеу заттары:

қақырық,

зәр,

нәжіс,

қан сарсуы т.б.

Зерттеу тәсілдері:

микроскопиялық (қарапайым, люминисценттік)

микробиологиялық (таза дақыл бөліп алу)

биологиялық серологиялық (сирек қолданылады)

аллергологиялық (Манту, Пирке сынақтары)

Экспресс (шұғыл) диагностика — ИФР (РИФ).

ПТР (ПЦР)

# Туберкулездің алдын алу

- -Салауатты өмір салтын ұстану, яғни спортпен айналысу
- -Тиімді және құнарлы тамақтану( ет,сүт және сүт өнімдері,балық,дәнді дақыл өнімдері,көкөністер,жемістер)
- -Зиянды арақ-шараптарды және темекіні,есірткіні қолданудан бас тарту
- -Қоршаған орта және жеке бас тазалығын сақтау
- -Жеке гигиена құралдары мен ыдыстарды пайдалану
- -Жылына екі рет рентгенді тексеруден өту
- -Бала туылғаннан кейін міндетті түрде БЦЖ вакцинасын және ревакцинаны егу
- -Аурулармен сөйлескенде сақтық шараларын сақтаңыз ( бөлмені жиі-жиі елдету, маска кию т.б.)



# Туберкулезбен ауыратын пациенттермен жұмыс жасау

## Мейірбикенің рөлі

- Туберкулезбен ауыратын пациенттермен жұмыс жасайтын мейірбике өте аңғарымды және өте төзімді болуы қажет. Пациенттерге жүргізілетін ем шараның маңыздылығын түсіндіруі қажет. Пациенттің жеке бас гигиенасын сақтауы кезінде мейірбикенің ролі ерекше болып табылады.



- Мейірбикенің атқаратын қызметіне дәрігердің тағайындауын дұрыс орындау кіреді. Барлық дәрілерді пациент уақытылы қабылдауы қажет (тамаққа дейін, тамақтан кейін). Пациент дәрілерді мейірбикенің қатысуымен көзінше қабылдауы қажет. Мейірбике пациенттің дәрілерді уақытылы дұрыс қабылдауына жауапты.

## Туберкулезбен ауыратын пациенттерге жөтелу және қақырыну кезінде жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету

- -Туберкулезді жұқтырудың бірден-бір көзі қақырық.
- -Туберкулездің жұғу жолы ауа тамшылы болғандықтан, туберкулездің қоздырғыштары қоршаған ортада өте төзімді, ұзақ сақталады (айлар бойы, жылдар бойы) ең басты гигиена жөтелу және қақырыну кезінде болып саналады.
- -Жөтелу және түшкіру кезінде туберкулезбен ауыратын пациент жанында отырған адамдардан басын бұрып, беторамалмен ауыз, мұрнын тұмшалауы қажет.
- -Қақырықты дұрыс жинау үшін пациенттерге екі түкіргіш беріледі.
- Біріншісі- қолдануға, екіншісі-дезинфекциялауға. Түкіргіштердің аузы міндетті түрде жабулы тұруы қажет. Аймақтық мейірбике пациентке түкіргішті қолдану ережесін түсіндіруі қажет. Пациент түкіргішті барлық жерде қолдануы қажет. Қақырық түкіргіштің қабырғаларына жабысып қалмауы үшін түкіргіштің 1/3 бір бөлігі дезинфекциялық сұйықтыққа немесе суға толтырылуы қажет.



# Зерттеу әдісін таңдау және сипаттау:

Зерттеу әдісіне сауалнама және сипаттау әдістері таңдалды.

## Сауалнама(анкета)

Пікір сұрау өткізу үшін іріктелген респонденттерге бірқатар сұрақтар қойып, олардан жауап алатын пікір сұрау парағы. . Пікір сұрау әдісін мәліметтерді жинау кезінде қолданғанда, зерттелетін мәселеге сауалнама сипатының, құрылымының және типінің сәйкестігін анықтау қажет.

**Пікір сұрауды дұрыс жүргізу үшін мынадай ұсыныстарды орындау қажет:**

Сұрақтарды құрастырудың талаптарын орындау:

Сұрақтарды: қарапайымнан – күрделіге ауыстыру

Сұрақтардың қисынын келтірудің бірізділігі:

Сұрақтар саны сұрақты сауалнамаға кіргізбей тұрып, оның қажеттілігін анықтау

Сұрақтардың стандартталу типтері бойынша сауалнама жасауды таңдау

- **Зерттеуді жүргізу**

- **Зерттеу объектісі:** Қызылорда медициналық жоғары колледжінің студенттері


- **Сауалнама**

- **Құрметті студент!**

- Біз Туберкулез ауруының алдын алуы туралы жастар арасындағы жүргізілетін әлеуметтік сауалнамаға қатысуға шақырамыз. Сауалнама сұрақтарына жауап беру үшін сұрақты мұқият оқып шығып, өз пікіріңізге сәйкес келетін жауапты (+) белгісімен белгілеңіз. Сіздің берген бағалауыңыз бен пікірлеріңіздің құпиялылығын сақтауға кепілдік береміз.

- 1. Сіз туберкулез ауруы туралы хабарыңыз бар ма?  
● Иә Жоқ Толық емес
- 2. Зиянды әдеттермен әуестену /темекі шегу, ішімдік ішу\ туберкулезге алып келеді ме?  
● Иә Жоқ
- 3. Туберкулездің таралу жолдарын білесіз бе?  
● Иә Жоқ Толық емес
- 4. Туберкулезден сақтану жолдарын білесіз бе?  
● Иә Ж Жоқ
- 5. Туыстарыңыз туберкулез ауруымен ауырады ма?  
● Иә Ж Жоқ
- 6. Жылына неше рет рентгенге түсу керектігін білесіз бе?  
● Жылына 1 рет Жылына 3 реттен көп жылына 2 рет
- 7. Қоршаған ортаны таза ұстау дұрыс тамақтану аурудың алдын алуға септігін тигізеді ме?  
● Иә Жоқ
- 8. Жеке бас гигиенасын, санитарлық-гигиеналық тазалықты сақтауды білесіз бе?  
● Иә Жоқ Толық емес
- 9. Туберкулез ауруының кең етек алуы бүкіл қоғамға зиянды болып табылады ма?  
● Иә Жоқ
- 10. Сіз туберкулездің алдын-алу шараларын білесіз бе?  
● Иә Жоқ Толық емес

**№ 1 сұрақ. Сіздің туберкулез аурулары жайлы хабарыңыз бар ма?**




**Анкета қорытындысы бойынша: Иә-9  
Жоқ-0  
Толық емес-8**

**Қорытынды.** Анкета нәтижесіне қарай білмеген адамдарға түсіндіру жұмысын жүргіземін.




- 
- **№ 2 сұрақ. Зиянды әдеттермен әуестену /темекі шегу,ішімдік ішу\**
- **туберкулезге алып келеді ме?**




- **Анкета қорытындысы бойынша: Иә-16**
- **Жоқ-1**
- 
- **Қорытынды.** Анкета нәтижесіне қарай білмеген адамдарға түсіндіру жұмысы.

### № 3 сұрақ. Туберкулездің таралу жолдарын білесіз бе?




- Анкета қорытындысы бойынша: Иә-4
- Жоқ-0
- Толық емес-13
- **Қорытынды.** Анкета толтырушылардың көп бөлігі туберкулездің таралу жолдары туралы білмейді. Сондықтан туберкулез туралы мәлімет беру қажет.

- **№ 4 сұрақ. Туберкулезден сақтану жолдарын білесіз бе?**



- **Анкета қорытындысы бойынша: Иә-15**
- **Жоқ-2**
- **Қорытынды.** Анкета толтырушыларға туберкулезден сақтану жолдары туралы білмейді. Сондықтан туберкулезден қалай сақтану керектігін түсіндіру.

● № 5 сұрақ. Туыстарыңыз туберкулез ауруымен ауырады ма?




● Анкета қорытындысы бойынша: Иә-0

Жоқ-17

● Қорытынды. Отбасында туберкулез аурулары бар адамдарға профилактикалық шараларды дұрыс орындау қажеттілігін, маңызын түсіндіремін.

- №6 сұрақ. Жылына неше рет рентгенге түсу керектігін білесіз бе?



- Анкета қорытындысы бойынша:


Жылына 1 рет - 3

Жылына 3 рет – 0

Жылына 2 рет – 14


- Қорытынды.Профилактикалық шараларды ұйымдастырамын.

- № 7 сұрақ .Қоршаған ортаны таза ұстау дұрыс тамақтану аурудың алдын алуға септігін тигізеді ме?



- Анкета қорытындысы бойынша: **Иә-4**
- **Жоқ-0**
- **Толық емес-13**
- **Қорытынды.** Анкета толтырушылардың 94% –ы қоршаған ортаны таза ұстау дұрыс тамақтану аурудың алдын алуы туралы толық білмейді. Сол себепті қоршаған ортаны таза ұстау, дұрыс тамақтанудың алдын алуы туралы мәлімет беру қажет.

- № 8 сұрақ. Жеке бас гигиенасын, санитарлық-гигиеналық тазалықты сақтауды білесіз бе?
- 




**Анкета қорытындысы бойынша: Иә-16**

**Жоқ-0**

**Толық емес-1**

- **Қорытынды.** Анкета толтырушылардың 6% жеке бас гигиенасын, санитарлық-гигиеналық тазалықты сақтауды білмейді. Сол себепті жеке бас гигиенасын сақтауды уйретеміз.

- **№ 9 сұрақ. Туберкулез ауруының кең етек алуы бүкіл қоғамға зиянды болып табылады ма?**



**Анкета қорытындысы бойынша: Иә-16**


**Жоқ-0**

**Толық емес-1**

- **Қорытынды:** Анкета толтырушылардың 94%-ы Туберкулез ауруының кең етек алуын бүкіл қоғамға зиянды болып табылатын толық білмейді. Сол себепті қоғамға зиянды болып табылатыны туралы мәлімет беру қажет.



- № 10 сұрақ. Сіз туберкулездің алдын-алу шараларын білесіз бе?




Анкета қорытындысы бойынша: **Иә-9**

**Жоқ-0**

**Толық емес-8**

- **Қорытынды:** Анкета толтырушылардың 53%-ы туберкулездің алдын-алу шараларын білмейді. Сол үшін оларға қандай алдын-алу шаралары бар екендігімен түсіндіру қажет.



### Жалпы қорытынды:

Анкета толтырушылардың көп бөлігі Туберкулез туралы ақпарат беруді қажет етеді.

Анкета толтырушылардың туберкулез ауыратын болатындықтан, бейімділігі бар анкета толтырушыларды өз денсаулығын күтуге үйрету жұмысын жүргізу керек..

Анкета толтырушыларда негізгі себебі болғандықтан, алдын-алу шараларын ұйымдастыруды үйрету қажет.